

«Жетісай ауданының мамандандырылған «Дарын» мектеп-интернаты» КММ-нің 2023-2024 оқу жылының жылындағы педагог-психология саласы бойынша атқарылған жұмыстың жылдық есебі

Есебі

2023-2024 оқу жылы бойынша жоспар түзіліп, бекітілді.

Қыркүйек айында Г.Айзенк тесті бойынша 7-11 сынып оқушыларының темпераментін анықтау жүргізілді. 7-11 сынып оқушыларының қатысумен тұрмыстық зорлық-зомбылық алдын алу мақсатында, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында және «Буллинг», «Кибербуллинг» дегеніміз не? тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 7-сынып оқушыларымен «Танысу» тренингі ұйымдастырылды. Д-есепте тұратын оқушылар тізімі анықталды мектеп медбикесімен бірге. Қыркүйек айында 7-11 сынып оқушыларымен бірге «Өмір сен маған қымбатсың» тақырыбында сауалнама ұйымдастырылды. 7-8 сынып оқушыларының қатысуымен бірге «Менің отбасым» тақырыбында эссе жазды. 7-8 сынып оқушыларының қатысумен «Менің досым» тақырыбында эссе жазды. 9-сынып оқушылары «Менің досым» тақырыбында эссе жазды. 10-11 сынып оқушылары «Менің арманым» тақырыбында эссе жазды. 7-сынып оқушыларының қатысумен геометриялық фигуралардан жасалған «Менің отбасым гүл бейнесінде» тақырыбында суреті салынды. 9-11 сынып оқушыларының қатысуымен бірге «Адал азамат – адал еңбек» тақырыбында мамандармен кездесу ұйымдастырылды.

Қазан айында 9-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Көрнекі бейнелі тест», «Сөздік тест», «Сандық субекті тесті» алынды. Мақсаты: Жасөспірімдердің интеллектуалдық ерекшеліктерін бақылау. 9,11 сынып оқушыларының қатысумен ДДС сауалнамасы алынды. 7-сынып оқушыларының қатысумен оқушының мектепке бейімделуі анықталды. 9-11 сынып оқушыларының қатысумен Қылмыссыз балалық шақ тақырыбында жасырын сауалнама алынды.

Қараша айында «Діни көзқарасты анықтау» мақсатында 9-10 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. «Біз бақытты баламыз» тақырыбында 8-сынып оқушыларымен бірге дөңгелек үстел ұйымдастырылды. 7-сынып оқушыларының қатысуымен «Айналаңа қуаныш сыйла» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. 7-10 сынып оқушыларының қатысуымен оқушылардың зорлық-зомбылық түсінігін анықтау мақсатында жасырын сауалнама алынды.

Желтоқсан айында үлгерімі төмен оқушылармен бірге «Менің болашағым» тақырыбында эссе жазу ұйымдастырылды. 9-11 сынып оқушыларының қатысумен Спид, темекі шегу, нашакорлық туралы сауалнама жүргізілді. 10-сынып оқушыларының қатысуымен бірге отбасында тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермеу жөнінде сауалнама жүргізілді. Жана жыл мейрамы қарсаңында балалар арасындағы қауіпсіздік шараларын барынша сақтау мақсатында бүгін мектеп-интернатымызда 7-11 сынып оқушыларымен, мектеп инспекторы және полиция капитаны кездесу жиынын өткізіп, кәмелетке толмағандардың пиротехникалық бұйымдарды пайдаланбауын, отшашулардан болатын балалар арасындағы жаракаттар туралы айтылып, жалпы қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша құқықтық түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Қаңтар айында 8-сынып оқушыларынан «Арифметикалық есеп» тесті жүргізілді. «Аяқталмаған сөйлем» әдістемесін 8- 11 сынып оқушыларынан алынды. 9-11 сынып оқушыларынан «Менің жарқын болашағым» тақырыбында эссе жаздырылды. «Менің

болашақ мамандығым» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында дөңгелек үстел жүргізілді. Әскери комиссариатқа баратын оқушылардың құжаттарын дайындау.

Ақпан айында 8-сынып оқушыларынан лабильдік тест алынды. Жат әрекеттерден сақтану үшін мектеп ішілік рейд жүргізілді. «Мамандық өмір таңдауы» 9-11 сынып оқушыларымен жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың қобалжу деңгейін төмендету, сенімсіздігін сейілту мақсатында 9-11 сынып оқушыларына жекелей кеңестер берілді.

Наурыз айында «Тау самалы» және де басқа сауықтыру орталықтарына баратын оқушыларға мінездемелер жазып берілді. Өткен олимпиада нәтижесі бойынша жетекшілермен біргелікте жұмыс жүргізілді. «Менің қабілетім-жетістігім» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларына дамыту сабағы ұйымдастырылды.

Сәуір айында «Психологиялық жағдайлардан шығу және жігерлендіру мотивациясын беру тренингтері» тақырыбында «Мен дарамын» тренингі олимпиадаға баратын оқушыларға жүргізілді. 7-сәуір денсаулық күніне орай мектепшілік жиын өткізілді. 11 – сынып оқушыларына «Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі» жүргізілді.

Мамыр айында 11 сынып оқушыларына «Емтихандағы және ҰБТ-да өз-өзіне сенімділік» тақырыбында тренинг жүргізілді. ҰБТ-ға дайындық бойынша 11-сынып оқушыларына психологиялық кеңес, ақыл-кеңес берілді. Жүргізілген диагностика нәтижелері бойынша қорытынды жасалды.

Жоспарланға жұмыстар уактылы жүргізіліп отырды.

Педагог-психолог:  Б.Рахимова